bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# Н н дыбысы мен әрпі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 19.05.2020 | https://bilimger.kz/74682/ |

**Ф.И.О. Ботабаева Фарида Акимбековна**

**Қала: Шымкент қаласы.**

**Мектеп: Шымкент қаласы білім басқармасы Қосалқы мектеп – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

**Қызметі: мұғалім – дефектолог**

**Тақырыбы: Н н дыбысы мен әрпі.**

**Сынып: 1**

**Оқу пәні:  Сауат ашу**

**Сабақтың тақырыбы: «Н н» дыбысы мен әрпі**

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушыларды **«Н н»** дыбысы мен әрпімен таныстыру. Н дыбысынан басталатын сөздерді түсініп, анық айтуға, сөздерді буынға бөліп айтуға үйрету.

**Дамытушылық:** Оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту. Н әрпінен басталатын сөздерді айтқызу арқылы сөйлеу тілін дамыту.

**Тәрбиелік:**Еңбек сүйгіштікке, ұқыптылыққа ізденімпаздылыққа тәрбиелеу.

**Ресурстар:** Кеспе әріптер, суреттер, кеспе буындар, бейнежазба.

**Әдіс — тәсілдер:** Сұрақ-жауап,түсіндіру, көрнекілік, ойын.

**Пән аралық байланыс:** айналамен таныстыру, бейнелеу,математика.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

**Сабақтың барысы**:

I Ұйымдастыру кезеңі.

(Сабаққа дайындықтарын бақылау)

II Психологиялық көңіл-күйге келтіру.

Бәріміз бір болсақ

Бәрінде жеңеміз

Бірігіп жұмылсақ

Білімді игереміз.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Қандай ай?
- Аптаның қай күні?
- Бүгін нешесі?
- Қазір қандай сабақ болады?

**Үй тапсырмасын тексеру.**

«**Бәйге жарыс**» қызығушылығын ояту.

Балалар өткен тақырыпты еске түсіру үшін сендерді бір тосын сый күтіп тұр. Қораптың ішіндегі тосын сыйды топ басшылары келіп алып, тапсырманы орындайды.

I топ  Суретпен жұмыс жасайды.(әңгіме құрайды)

II топ М әрпіне байланысты жұмбақ шешеді.

Түйе өркеші –

Қарайық

Ұқсайды оған қай әріп (М)

Еріксе,

Құйрығымен ойнайды.

Зеріксе,

Ұйқыға бір тоймайды.(мысық)

III топ М әрпінен басталатын сөздерді атайды.

**Жаңа сабақ**

Суретпен жұмыс.

- Балалар мына суреттерге назар аударыңдар нелер бейнеленген атаймыз.

Нан нар нәресте найза

- Бұл сөздер қандай дыбыстан басталып тұр?
- Дұрыс балалар.
- Бүгін біз Н н әрпімен танысамыз.

Бейнежазбаға мұқият қарап заттарды атаймыз. Апаймен бірге Н н әрпінен басталатын сөздерді қайталаймыз. Сөздерді анық айтуға үйренеміз.

**Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар**

**Алдымнан жел еседі**

**Кіп – кішкене ағаштар**

**Биік болып өседі.**

**Тіл дамыту жұмысы:**

**I топ** Суретке қарап сөйлем құрау «Наубайханада».

**II топ** «Шашылған әріптер» әдістемесі бойынша жұмыс жасайды.

Шарты: шашылған әріптерден буын, сөз құрап оқиды.

**Т А Р М**

**О Н Л**

**Н П А**

**III топ** Берілген суреттердің ішінен «Н» әрпі барларын қоршап көрсетеді.

**Сабақты бекіту:** «Сөз ойла, тез ойла» ойынын өткізу арқылы сабағымызды бекітеміз.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

Шарты: Н н дыбысынан басталатын сөдерді жалпы айтады.

І топ Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.

ІІ топ Бір сөзді қатыстырып сөйлем құрайды.

ІІІ топ Суретін салады.

Рефлекция : Сабақ сендерге ұнады ма?

Оқушылар өз көңіл — күйлерін смайликтер арқылы көрсетеді.

**Қорытынды:**

Оқушылар Н н әрпін меңгерді.

Сөздерді анық айта білді.

Сөздерге дыбыстық талдау  жүргізеді.

**Бағалау критерийі:** Оқушыларды  білім деңгейлеріне қарап мақтап – мадақтап бағалау.

**Үйге тапсырма: Н н әрпіне байланысты жұмбақ құрастыру.**

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.